

**Суицидтік мінез-құлықтың
психофизиологиялық және
жас шамасына байланысты
себептері**

Орындаған: Жанахметова.М.Ж

Суицидке Сіз баруыңыз мүмкін еді

- Адамдардың барлығына да әйтеуір бір кезде суицид туралы ой келеді. Өзін-өзі бұзу адамдардың қол жететін көптеген өмірлік тандаулардың бірі болып табылады. Джост Мерло, «Суицид пен жаппай суицид» кітабының авторы: «Адамдардың 80% суицид туралы ойлармен ойнағанын мойындайды»- деп мәлімдейді.
- Кеңестік кезеңде суицид – психикалық аурудың анық нышаны деген пікір кең таралған болатын. Яғни әрбір суицидент өлгеннен кейін «есі дұрыс емес» деген атақ алатын, ал құтқарып үлгергендерді психиатрға өмір бойы есепке алынуға тіркейтін (барлық салдарларымен бірге). Белгілі психиатр А.Г.Амбрумова суициденттердің көпшілігі – дені сау адамдар екенін дәлелдей білді.

Суицид статистикасы

- 19 ғасырдың басынан бастап әлемнің барлық елдеріндегі өз-өзіне қол жұмсаушылық статистикасының тұрақты да біркелкі өсуі байқалған.
- ресми сттистика бойынша жыл сайын өз-өзіне қол жұмсап 1 000 000 адам қайтыс болады екен.
- Болжамдар бойынша 2020 жылға қарай жыл сайын өз-өзіне қол жұмсап 1 500 000 адам қаза болады.



Суицид статистикасы

- Еркектердің арасында аяқталған суицидтер саны әйелдерге қарағанда 4 есе артық болады (бұл көрсеткіш әр елде әртүрлі болуы мүмкі).
- Жасы ұлғайған сайын (65-85 лет) бұл арақатынас 6-9-ға дейін өседі.
- Екінші жағынан әйелдер еркектерге қарағанда 4 есе жиі өз-өзін өлтіруге талпыныс жасайды екен, алайда, олар өлімге сирек әкелетін «жеңілдеу» тәсілдерді таңдайды.



Суицид статистикасы

- ДДҰ өз-өзіне қол жұмсаудың 800 себебін тіркеген. Солардың ішінде:
 - 41% - белгісіз
 - 19% - жазалау алдындағы қорқыныш
 - 18% – жан азабы
 - 18% - үйдегі қапа
 - 6% - құштарлық
 - 3% ақша шығыны
 - 1,4% - өмірге асыра қаныққан
 - 1,2% - тән аурулары.
- *Мұндай нақты сандарды көргенде табиғи бір сұрақ туындайды – егер өз-өзіне қол жұмсауға бел буған адамның өзі сол себепті анық түсінбесе, оны статистика жасайтындар қалай социалықты анық біледі? Өз-өзін өлтіру – көптеген себептер әкелген соңғы қадам, және әрбір себеп өз кезегінде қыруар басқа себептердің салдары болып табылады.*

Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының ерекшеліктері

- Мектепке дейінгі жастағы балаларға өлім туралы ойлану тін емесе, алайда бұл тақырып олардың назарынан тыс қалмайды (ертегілер, өмірдегі оқиғалар).
- 5 жасқа дейінгі балалардың суицидтік мінез-құлығы өте сирек кездесетін жайт.
- Төмен сыныптардағы оқушылар арасында, негізінен 9 жастан кейін, суицидтік белсенділік орын алған. Ең төменгі жас шамасына жалпы балалар суицидінің тек 2,5% ғана келеді. Балалардың суицидтік мінез-құлқының ауыр психикалық ауруға немесе реактивтік торығуға сирек байланысты болады. Жағдайлардың басым көпшілігінде ситуацияға қарай жауап әрекеті, көбінесе наразылық әрекеті орын алған. Жағдайлардың 80%-нда олардың себебі болып отбасы ішіндегі шиеленістер табылады.

Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының ерекшеліктері

10-12 жаста өлім уақытша құбылыс ретінде бағаланады. Өмір мен өлім ұғымдары ажыратылады, алайда, өлімге деген эмоциялық көзқарасы өз тұлғасынан абстракцияланады. Өз өліміне басқаалардың жауапты әрекетін көруге ұмтылыс немесе «екінші рет туылуға» деген үміт балалар мен жасөспірімдер арасындағы суициденттерге тән. Өлім туралы ойлар балалық шақ бойы бірнеше кезеңнен өтеді: бала санасында өлім туралы түсініктің мүлдем болмауынан ол туралы өмірден кетудің атрибуттары қосылған (траур, жерлеу және т.б. түсініктер) формалдық білім алуға дейін. Өлім туралы білімді бала не өзінің жеке тұлғасы, не жақындары арасындағы ешкімнің тұлғасымен арақатынасқа қоймайды; өлімнің кері айналмастығы туралы түсінік қалыптаспаған, ол әлі адамының ұзақ уақыт болмауы немесе басқа түрде тірлік ету ретінде түсініледі. Бала екі жақты болмыс мүмкіндігін мойындайды: айналасындағылар үшін өлді деп есептеліп және өле отырып, сонымен қатар өзінің олардың қапалануына куә болып, өзінің жерленуі мен өзін ренжіткендердің өкінуін бақылау. Қорқыныштың болмауы балалар психологиясының ерекше қасиеті болып табылады. Өмірлік тәжірибесі болмағандықтан және хабардар болмауынан, олар таңдау әдісін қолдана алмайды.

Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының ерекшеліктері

- Жасөспірімнің жас шамасының түрлі кезеңдерінде - ерте (12–14 жас), орта (15–16 жас) және жоғары (17–18 жас) – девианттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен көрініс алуының физиологиялық, психологиялық, тұлғалық және жеке қасиеттеріне байланысты өзіндік ерекшеліктері болады.



Өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерінің қауіп факторлары:

- Ата-аналардың ішімдікке салынуы және психикалық жағдайының нашарлығы;
- ата-аналары мен туысқандарының өз-өзіне қол жұмсауы;
- жетімдік;
- Толық емес отбасы;
- Дұрыс емес тәрбие — авторитарлық, үлкен кісілерді сөзсіз тыңдау, тыйым салу, қатыгез қарым-қатынас, жеткіліксіз немесе шамадан тыс қамқорлық;
- Психикалық жарақаттар— мектептегі және басқа;
- Қатарластары арасында беделінің жойылуы;
- Психобелсенді заттарды пайдалану;
- Туа біткен физикалық кемшіліктер және осыған байланысты ауыр қамығу;
- Туа біткен психикалық аурулар (ақыл-ойы кемістігі, эпилепсия, шизофрения және т.б.).

Жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсау себептері:

- Ересектер тарапынан шынайы тілектестіктің болмауы
- Жалпы өмір ағымының шапшаң өзгеруі
- Әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық
- **Ата-аналардың ішімдікке және нашақорлыққа салынуы**
- Жасөспірімге қатыгез қарым-қатынас, психологиялық, физикалық және сексуалды зорлық
- Жасөспірімдер арасындағы нашақорлық және маскүнемдік
- Ертеңгі күнге деген сенімсіздік
- адамгершілік, этикалық құндылықтардың болмауы
- Өмірдің мәнін жоғалту
- Өз-өзін төмен бағалау, өз-өзін анықтаудағы қиындықтар
- Эмоционалды және интеллектуалды өмірінің жұтандығы
- Жауапсыз махаббат

Жасөспірімнің өз-өзіне қол жұмсау қаупі туралы хабар беретін белгілер:

Эмоционалды

- Дәрменсіздік, күдер ұзу, елеусіздік сезімі. Қайғыру. Торығу (көңіл-күйінің төмендеуі, ұйқысының бұзылуы). Жеңілу, сәтсіздікке ұшырау, өзін кінәлі сезіну. Шамадан тыс қорқыныш пен уайымдау. Өзінің сыртқы түріне қалай болса, солай қарау. Жалғыздық, ешкімге керек болмау сезімдері. Күнделікті ортада уақыт өткізгенде, бұрын қуаныш сыйлайтын жұмысты орындау барысында ішінің пысуы. Өлім туралы ойлану. Болашаққа жоспарының болмауы. Түкке тұрғысыз нәрселерге ашулану.

Ауызша

- Өз-өзін кінәлау. Өзінің дәрменсіздігі, өмірмен қош айтысқысы келетіндігін айту. Қоштасу. Нақты өз-өзіне қол жұмсау жоспары туралы хабарлама.

Жасөспірімнің өз-өзіне қол жұмсау қаупі туралы хабар беретін белгілер:

Мінез-құлқы бойынша

- Мінез-құлқының кенеттен өзгеруі. Сабаққа бармау. Жақындарынан алыстау. Ағат әрекеттерді жасау. Өз-өзіне қол жұмсау үшін құралдарды, осы туралы кітаптарды сатып алу. Сыртқы бейнесіне салғырт қарау. Шектеулі сана.
- Жасөспірімнің өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері оның девиантты мінез-құлқысымен байланысты. Осындай әлеуметтік ауытқы болып келесілер табылуы мүмкін:
 - пайда табу бағытындағы ауытқулар— ұрлық жасау, ұжымдық ұрлық, машинелерді айдап кету және т.б.;
 - агрессивті бағыттағы ауытқулар— сотқар әрекеттер, төбелес, вандализм, өз-өзін жарақаттау;
 - әлеуметтік-пассивті ауытқу— сабақтан қашу, үйден кету, қаңғыру, маскүнемдік.

Өз-өзіне қол жұмсау әрекетіне психологиялық диагностика жасау

Өз-өзіне қол жұмсайтын адамдардың 80% өз ниеттері туралы қоршаған ортаға белгі береді. Бұл ретте ақпаратты беру жолдары шұбалаңқы болуы мүмкін.

Өз-өзіне қол жұмсау әрекетіне психологиялық диагностика жасау

- Қазіргі уақытта дағдарыс жағдайындағы жасөспірімнің өз-өзіне қол жұмсау қаупін анықтау үшін әмбебап психодиагностикалық әдіс жоқ.
- Зерттеу әдістері:
 1. Отбасылық анамнезбен диагностикалық сұхбат.
 2. “ПДО”тесті
 3. Розенцвейгтің фрустрациялық толеранттылық тесті
 4. Басса-Дарк тесті